

**Қосылған құн салығының асып кетуін қайтару қағидаларын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 19 наурыздағы № 391
бұйрығы**

(2020.26.06. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

*ҚР Қаржы министрінің м.а. 2020.26.06. № 634 бұйрығымен кіріспе жаңа редакцияда
(бұр.ред.қара)*

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 429-бабы 10-тармағына және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қосылған құн салығының асып кетуін қайтару қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (А.М. Теңгебаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін қазақ және орыс тілдерінде «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Сұлтанов

ҚР Қаржы министрінің 2018.30.11. № 1047 бұйрығымен (бұр.ред.қара); ҚР Қаржы министрінің м.а. 2020.26.06. № 634 бұйрығымен (бұр.ред.қара) қағида жаңа редакцияда

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 19 наурыздағы
№ 391 бұйрығына
қосымша

**Қосылған құн салығының асып кетуін қайтару
қағидалары**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қосылған құн салығының асып кетуін қайтару қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2017

жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) (бұдан әрі - Салық кодексі) [429-бабы 10-тармағына](#) және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Заң) [10-бабының 1\) тармақшасына](#) сәйкес әзірленген және қосылған құн салығының (бұдан әрі - ҚҚС) асып кету сомаларын қайтару тәртібін белгілейді.

2. «Бюджеттен қосылған құн салығын қайтару» мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша, арнайы экономикалық аймақтар аумақтарындағы аумақтық органдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) «электрондық үкімет» веб-порталы: Салық төлеушісінің кабинетінде www.egov.kz (бұдан әрі - портал) арқылы көрсетеді.

3. Заңның [5-бабы 2-тармағының 11\) тармақшасына](#) сәйкес көрсетілетін қызметті берушілер деректерді ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметті көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

4. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтер көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйелердің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде пайдаланылатын ақпараттық жүйелерде іркіліс болған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші техникалық ақауларды жоюды қамтамасыз етеді және тиісті уәкілетті тұлғаларға 1 (бір) жұмыс күн ішінде хабардар етеді.

2-тарау. «Бюджеттен қосылған құн салығын қайтару» мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

5. Мемлекеттік қызметті алу үшін салық төлеуші (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) салық кезеңі үшін ҚҚС бойынша декларацияда көрсетілген ҚҚС асып кету сомасын қайтару туралы талабын (бұдан әрі - талап) көрсетілетін қызметті беруші немесе портал арқылы береді.

Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға [1-қосымшаға](#) сәйкес «Бюджеттен қосылған құн салығын қайтару» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының нысанында жазылған.

ҚҚС асып кетуін қайтару:

1) шағым жасау (салық төлеуші шағым жасаған жағдайда) нәтижелерін ескере отырып, қайтаруға ұсынылған ҚҚС асып кету сомасының дұрыстығын растайтын тақырыптық тексеру актісінің;

2) Салық кодексінің [152-бабы 13-тармағында](#) көзделген жағдайларда, тақырыптық тексеру актісіне қорытындының негізінде жүргізіледі.

Осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларындағы ережелер Салық кодексінің [433](#) және [434-баптарына](#) сәйкес ҚҚС асып кету сомаларына қайтаруды жүзеге асыру кезінде қолданылмайды.

6. Мемлекеттік кірістер органы талапты алғаннан кейін, егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, Салық кодексінің [212-бабы 3-тармағының 2\) тармақшасында](#) белгіленген мерзімнің соңғы күні өткеннен кейін бюджеттен қайтаруға ұсынылған ҚҚС асып кетуінің дұрыстығын растау бойынша тақырыптық тексеру (бұдан әрі - тақырыптық тексеру) тағайындайды.

Бұл ретте тақырыптық тексеру Салық кодексінің [152-бабы 2-тармағына](#) сәйкес салық кезеңі үшін тағайындалады.

Осы тармақтың ережелері, көрсетілетін қызметті алушыға қатысты Салық кодексінің [433](#) және [434-баптарына](#) сәйкес оның ҚҚС асып кетуін қайтару туралы талабын қараған кезде қолданылмайды.

Егер көрсетілетін қызметті алушының дербес шотында ҚҚС асып кету сомасының болмауы және (немесе) Салық кодексінің [208](#), [209](#), [210](#) және [424-баптарында](#) белгіленген ҚҚС бойынша салық есептілігін табыс ету мерзімі мен тәртібінің бұзылғандығы айқындалса, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға ҚҚС бойынша декларацияны табыс еткен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде, талапты қараудан бас тартатындығы туралы хабарлайды.

7. Қайтаруға ұсынылған ҚҚС асып кету сомаларының дұрыстығын, сондай-ақ оңайлатылған тәртіпте қайтаруды қолданған көрсетілетін қызметті алушыға қатысты бюджеттен қайтарылған ҚҚС сомаларының дұрыстығын растау бойынша тақырыптық тексеру жүргізу кезінде мемлекеттік кірістер органы, ақпараттық жүйені қолдана отырып, тексеретін салық кезеңіне тексеру жүргізіліп жатқан көрсетілетін қызметті алушы жөнінде өнім берушілер бойынша «Пирамида» талдамалық есепті (бұдан әрі - «Пирамида» есебі) қалыптастырады.

Салық кодексінің [152-бабы 11-тармағында](#) белгіленген, көрсетілетін қызметті алушы табыс еткен ҚҚС бойынша салық есептілігін және (немесе) ақпараттық жүйелерінің мәліметтерін зерделеу мен талдаудың негізінде мемлекеттік кірістер органдарының жүзеге асыратын бақылаудың нәтижелері «Пирамида» есебі болып табылады.

«Пирамида» есебін қалыптастыру тексерілетін көрсетілетін қызметті алушының тікелей өнім берушілері бойынша жүргізіледі.

8. Бюджеттен ҚҚС қайтару мерзімдерін сақтау мақсатында мемлекеттік кірістер органы тақырыптық тексеруді бастаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде тікелей өнім берушілердің тізбесін анықтап, оларға:

«Пирамида» есебіне жүргізілген талдаудың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою үшін Салық кодексінің [114-бабы 2-тармағының 10\) тармақшасында](#) көзделген хабарламаны (бұдан әрі - хабарлама) жолдау;

және (немесе)

Салық кодексінің [143-бабында](#) белгіленген тәртіпте қарсы тексеру тағайындау қажет.

9. Егер тексерілетін көрсетілетін қызметті алушының тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізушісі орналасқан жері бойынша басқа мемлекеттік кірістер органында тіркеу есебінде тұрса, тақырыптық тексеру тағайындаған мемлекеттік кірістер органы «Пирамида» есебіне жүргізілген талдау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою бойынша [Салық кодексінің](#) ережелеріне сәйкес тақырыптық тексеру басталған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарсы тексеру жүргізу туралы тиісті сұрау салуды және (немесе) шаралар қабылдау туралы сұрау салуды жолдайды.

10. Шаралар қабылдау туралы сұрау салуды алған мемлекеттік кірістер органы тікелей өнім берушіге осындай сұрау салуды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабарламаны шығарады.

Бұл ретте мемлекеттік кірістер органының атына осындай сұрау салу келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының сұрау салуына жауап бұрын жүргізілген салықтық тексерудің нәтижелері бойынша бұзушылықтар жойылған жағдайда немесе көрсетілетін қызметті алушы Салық кодексінің [96-бабының 2-тармағына](#) сәйкес хабарламаны орындаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жолданады.

11. Қарсы тексеру жүргізу туралы сұрау салуды алған мемлекеттік кірістер органы мұндай тексеруді сұрау салуды алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүргізеді.

12. Егер тақырыптық тексеруді жүргізу сәтінде тікелей өнім беруші таратылуға байланысты қызметін тоқтатқан және осындай өнім берушіге қатысты тарату салықтық тексеру жүргізілген жағдайда, онда осындай өнім беруші жазып берген шот-фактурада

көрсетілген ҚҚС сомасы мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінде бар, оның ішінде өткізілген тауарлар, орындалған жұмыстар және көрсетілген қызметтердің электрондық шот-фактуралар тізіліміндегі және (немесе) жазып берген электрондық шот-фактуралардағы мәліметтер бойынша есепке алынады.

13. Тексерілетін көрсетілетін қызметті алушы мен оның тікелей өнім берушісі - салықтық мониторингке жататын салық төлеуші арасындағы операциялар бойынша ҚҚС сомасының дұрыстығын растауды тақырыптық тексеруді тағайындаған мемлекеттік кірістер органы салықтық есептілік және (немесе) мемлекеттік кірістер органдарындағы электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйелері деректерінің негізінде жүргізеді.

14. Салық кодексінің [152-бабы 12-тармағына](#) сәйкес тақырыптық тексеру аяқталған күнге:

1) тікелей өнім берушімен өзара есеп айырысулардың дұрыстығын растау бойынша қарсы тексеру жүргізуге сұрау салуларға жауаптар алынбаған;

2) тексеріліп жатқан көрсетілетін қызметті алушының өнім берушілері бойынша «Пирамида» есебіне талдаудың нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған;

3) ҚҚС сомаларының дұрыстығы расталмаған;

4) ҚҚС сомаларының дұрыстығы, қарсы тексеруді жүргізуге мүмкіншілігінің жоқтығына байланысты, оның ішінде:

өнім берушінің орналасқан орынында болмау;

өнім берушінің есеп құжаттамаларын жоғалтып алу себептерімен расталмаған сомалар шегінде ҚҚС асып кетуін қайтару жүргізілмейді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасындағы ережелер, мына:

ҚҚС асып кету сомасын қайтарудың оңайлатылған тәртібін қолдануға құқығы бар;

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін республикалық индустриаландыру картасының шеңберінде республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылындағы 1 қаңтарда қолданыста болатын құны кемінде 150 000 000 еселенген [айлық есептік көрсеткіш](#) мөлшерін құрайтын инвестициялық жобаны іске асыратын;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалануға жасалған келісімшарттың шеңберінде қызметін жүзеге асыратын және ҚҚС-тың асып кетуін қайтару туралы талабы ұсынылған салық кезеңінің алдындағы соңғы 5 (бес) жылға есептелген, салық жүктемесінің 20 пайыздан кем емес орташа коэффициенті бар;

Салық кодексінің [722-бабы 1-тармағында](#) көрсетілген өнімді бөлу туралы келісімнің шеңберінде теңізге көмірсутегін барлауды және (немесе) өндіруді жүзеге асыратын тексерілетін көрсетілетін қызметті алушының тікелей өнім берушілермен «Пирамида» есебінің нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жойған жағдайда қолданылмайды.

Тақырыптық тексеру актісінде ҚҚС асып кету сомаларын қайтармау негіздемесі көрсетіледі.

Бұл ретте, тақырыптық тексеру нәтижелері бойынша расталмаған ҚҚС асып кету сомасы Салық кодексінің [48-бабында](#) белгіленген, талап қоюдың өткен мерзімі шегінде кейінгі салық кезеңдерінде ҚҚС қайтару туралы талапқа көрсетілетін қызметті алушының қосу жолымен тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің өнім берушілерінің салық заңнамасын бұзушылықтарды жоюына қарай қайтаруға жатады.

ҚҚС асып кету сомаларының дұрыстығын растау бойынша тақырыптық тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органының лауазымды адамы осындай өнім берушілер бойынша «Пирамида» есебінің нәтижелеріне талдау жүргізеді.

15. Тақырыптық тексерулер аяқталған күніне өнім берушілерде белгіленген, жойылмаған бұзушылықтар болған кезде мемлекеттік кірістер органы осы Қағидаларға [2-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша аумақтық мемлекеттік кірістер органдарына жіберілген салықтық тексеру актісіне анықталған бұзушылықтарды жоюға арналған сұрау салулардың тізілімін қоса береді.

16. ҚҚС-тың асып кетуін қайтаруды тақырыптық тексеру актісімен, не тақырыптық тексеру актісіне қорытындымен расталған ҚҚС сомасының шегінде мемлекеттік кірістер органдары жүзеге асырады.

Салық кодексінің [104-бабы 2-тармағына](#) сәйкес қайтарылуға расталған ҚҚС асып кетуінің жалпы сомасы салық кезеңі үшін декларацияда ҚҚС қайтару туралы талапта көрсетілген ҚҚС асып кету сомасынан және (немесе) тақырыптық тексеру аяқталған күніне не тақырыптық тексеру актісіне қорытындыны жасау күніне, тексерілетін көрсетілетін қызметті алушының дербес шотындағы ҚҚС асып кету сомасынан аспауы тиіс.

Бұл ретте, бюджеттен қайтарылуға жатпайтын ҚҚС асып кетуі ҚҚС бойынша алдағы төлемінің есебіне есепке жатқызылады. Есепке жатқызу импорт, сондай-ақ Салық кодексінің [373-бабында](#) көзделген жағдайда төленуге жататын ҚҚС төлеу есебіне жүргізілмейді.

17. Тақырыптық тексеру актісіне не тақырыптық тексеру актісіне қорытындыға қол қойылғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күннің ішінде салық төлеушілердің тізімі қалыптастырылады, ол бойынша көрсетілетін қызметті алушының берешегінің жоқтығы (болуы) туралы мәліметті жасау қажет.

18. Көрсетілетін қызметті алушы тақырыптық тексеру актісіне не тақырыптық тексеру актісіне қорытындыға қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушіге салықтарды, басқа да міндетті төлемдерді, өсімпұлдарды және айыппұлдарды есепке жатқызуды және (немесе) қайтаруды жүргізуге салықтық өтінішін табыс етеді (бұдан әрі - есепке жатқызуға салықтық өтініш).

19. Есепке жатқызуға салықтық өтініштің және көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық жүйесінде қалыптастырылған есеп айырысулар сальдосы бойынша есептің негізінде салықтық тақырыптық тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлға 2 (екі) данада қайтаруға өкімді жасайды.

Бұл ретте қ есеп айырысулар сальдосы бойынша есеп өкім жасалған күнге қалыптастырылады.

20. ҚҚС асып кетуін қайтару табыс етілген есепке жатқызуға салықтық өтініштің негізінде, Салық кодексінің [102-бабына](#) сәйкес есепке жатқызу жүргізу және (немесе) салықтық берешегі болмаған кезде салық төлеушінің банктік шотына аудару жолымен көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша жүргізіледі.

Салық берешегі болған кезде көрсетілетін қызметті беруші бар салық берешегін, оның ішінде есепке жатқызуға салықтық өтінішті ұсынбай құрылымдық бөлімшенің салық берешегін өтеу есебіне ҚҚС асып кетуін есепке жатқызу жүргізеді.

Осы тармақта көзделген есепке жатқызу жүргізілгеннен кейін ҚҚС асып кетуінің қалдық сомасы банктік шотына қайтаруға және (немесе) салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері бойынша алдағы төлемдердің есебіне есепке жатқызуға жатады.

1-параграф. Қайтарылуға жататын қосылған құн салығының асып кету сомасын айқындау

21. Қайтаруға ұсынылған ҚҚС асып кету дұрыстығын растау осы Қағидалардың [2-тарауының](#) ережелерін ескере отырып, жүргізілген тақырыптық тексеру нәтижелері бойынша жүргізіледі.

22. Салық кезеңінің соңында қалыптасқан ҚҚС асып кетуі өткізу бойынша салық салынатын айналым мақсатында пайдаланылатын сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша Салық кодексінің [429-бабының 2-тармағында](#) көзделген шарттарына сәйкес келген кезде қайтаруға жатады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген шарттар орындалмаған кезде:

нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналым мақсатында пайдаланылатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша есепке жатқызылған ҚҚС сомасы бөлігінде нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналым бойынша;

Салық кодексінің [373-бабына](#) сәйкес бейрезиденттен жұмыстарды, қызметтерді сатып алу кезінде есепке жатқызылған және бюджетке төленген ҚҚС сомасы шегінде нөлдік ставка бойынша салық салынбайтын айналым бойынша ҚҚС асып кетуі қайтаруға жатады.

Нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымы болмаған жағдайда, Салық кодексінің [373-бабына](#) сәйкес бейрезиденттен жұмыстарды, қызметтерді сатып алу кезінде есепке жатқызылатын және бюджетке төленген ҚҚС сомаларының шегінде ҚҚС асып кетуі қайтаруға жатады.

23. Осы Қағидалардың [22-тармағының](#) ережелері:

1) Салық кодексінің [432](#) және [433-баптарына](#) сәйкес қайтару жүзеге асырылатын ҚҚС асып кету сомасына;

2) Салық кодексінің [434-бабында](#) көзделген ҚҚС асып кетуін қайтарудың оңайлатылған тәртібін қолдануға құқығы бар салық төлеушілерге қолданылмайды.

24. Салық кодексінің [432-бабын](#) қолдануға байланысты салық кезеңінің соңында қалыптасқан ҚҚС асып кетуі тақырыптық тексеру нәтижелері бойынша жинақталған қайтаруға ұсынылған ҚҚС асып кету сомасының дұрыстығы расталған салық кезеңінен бастап, тең үлесте 20 (жиырма) салық кезеңі ішінде қайтаруға жатады.

25. Тақырыптық тексеру актісіне қорытынды тоқсанның соңғы айының 25 (жиырма бесінші) күнінен кешіктірілмей кем дегенде 2 (екі) данада жасалады және мемлекеттік кірістер органының лауазымды тұлғаларының қолы қойылады. Тақырыптық тексеру актісіне қорытындының 1 (бір) данасы көрсетілетін қызметті алушыға табыс етіледі, ол көрсетілген тақырыптық тексеру актісіне қорытындыны алғаны туралы басқа данаға белгісін қояды.

Қорытынды бойынша ҚҚС асып кетуін қайтару Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 306 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16601 болып тіркелген) бекітілген, Жеке шоттарын жүргізу қағидаларында көзделген [ережелерге](#) сәйкес мерзімде және тәртіпте жүргізіледі.

26. Көрсетілетін қызметті алушының Салық кодексінің [145-бабы 3-тармағының 2\) тармақшасына](#) сәйкес табыс еткен ҚҚС асып кету сомаларының дұрыстығын растау жөніндегі салықтық өтініш (бұдан әрі - салықтық өтініш) бойынша тақырыптық тексеру жүргізілген жағдайда, оларға Салық кодексінің [432-бабының 1 және 2-тармақтарын](#) қолдануға байланысты осы Қағидалардың [7, 8, 9, 10, 11, 12, 13](#) және [14-тармақтарында](#) көзделген ұқсас ережелер қолданылады.

Бұл ретте, Салық кодексінің [104-бабы 2-тармағына](#) сәйкес салықтық өтініш бойынша тағайындалған тақырыптық тексеру нәтижелері бойынша расталған ҚҚС асып кетуінің жалпы сомасы, тақырыптық тексеру аяқталған күніне тексерілетін көрсетілетін қызметті алушының салықтық өтініште көрсетілген ҚҚС сомасынан, және жеке шотындағы ҚҚС асып кету сомасынан аспауы тиіс.

Осы тармақта көрсетілген тақырыптық тексеру Салық кодексінің [146-бабында](#) белгіленген мерзімде жүргізіледі.

27. Егер, тақырыптық тексеру басталғанға дейін салықтық өтініште көрсетілген ҚҚС асып кету сомасы көрсетілетін қызметті алушының жеке шотында болмауы анықталған және (немесе) көрсетілген салықтық өтінішті табыс еткен күнге Салық кодексінің [208, 209, 210](#) және [424-баптарында](#) белгіленген ҚҚС бойынша салық есептілігін табыс ету тәртібі мен мерзімі бұзылған жағдайда, мемлекеттік кірістер органы 10 (он жұмыс) күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға Салық кодексінің [145-бабы 3-тармағының 2\) тармақшасында](#) көрсетілген салықтық өтінішті қараудан бас тартылғаны туралы хабарлайды.

2-параграф. Шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін арнайы экономикалық аймақтың, арнайы экономикалық аймақтың қосылған құн салығының асып кетуін қайтару тәртібі

1-бөлім. Жалпы ережелер

28. Салық кодексінің [389-бабын](#) қолданумен байланысты көрсетілетін қызметті алушының талабы бойынша тақырыптық тексеруді жүргізу кезінде осы Қағидалардың [2-тарауының](#) ережелері қолданылады.

29. Арнайы экономикалық аймақтың (бұдан әрі - АЭА) аумағында іске асырылатын тауарлар өнім берушілерінің ҚҚС асып кетуін қайтару АЭА құру мақсатына жауап беретін қызметті жүзеге асыру кезінде іс жүзінде тұтынылған әкелінетін тауарлар бөлігінде жүргізіледі.

30. АЭА қатысушысының АЭА құру мақсатына жауап беретін қызметті жүзеге асыру мақсатында АЭА аумағына әкелінген тауарларын тұтыну фактісін растау үшін мемлекеттік кірістер органдары ҚҚС-тың асып кетуін қайтару туралы талаптың негізінде тағайындалған тақырыптық тексеруді жүргізу барысында АЭА аумағында орналасқан мемлекеттік кірістер органына тақырыптық тексеру басталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде сұрау салуды жолдайды.

31. Осы Қағидалардың [30-тармағында](#) көрсетілген сұрау салуды алған мемлекеттік кірістер органы осындай сұрау салуды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жауапты жолдайды.

Бұл ретте жауапта АЭА қатысушысы табыс еткен деректердің негізінде еркін кедендік аймақ (бұдан әрі - ЕКА) кедендік рәсімімен тауарлардың шығаруын жүзеге асырған мемлекеттік кірістер органы ұсынатын АЭА құру мақсатына жауап беретін қызметті іс жүзінде тұтынылған АЭА аумағына әкелінген тауарлардың құны бойынша мәлімет көрсетіледі. Алынған мәліметтерді мемлекеттік кірістер органы Салық кодексінің [389-бабына](#) сәйкес қайтаруға жататын ҚҚС сомасын айқындау кезінде ескереді.

32. Салықтық бақылау шеңберінде АЭА қатысушысының ЕКА кедендік рәсімімен орналастырылған АЭА аумағына әкелінген тауарлардың іс жүзінде тұтыну шарттарын орындамау фактісі анықталған жағдайда, тауарлар импортқа салынады деп танылады және Еуразиялық экономикалық одағының кеден заңнамасында және (немесе) «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының [Кодексінде](#) (бұдан әрі - Кодекс) айқындалған тәртіпте және мөлшерде импортталатын тауарларға ҚҚС-ты төлеу үшін белгіленген мерзім бойынша өсімпұлды есептеумен АЭА аумағына тауарларды әкелу күнінен бастап ҚҚС салуға жатады.

2-бөлім. Шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін арнайы экономикалық аймақтың қосылған құн салығының асып кетуін қайтару тәртібі

33. Салық кодексінің [391-бабын](#) қолданумен байланысты салық төлеушінің талабы бойынша тақырыптық тексеруді жүргізу кезінде осы Қағидалардың [2-тарауының](#) ережелері қолданылады.

34. Шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін арнайы экономикалық аймағын (бұдан әрі - ЕАЭО АЭА) құру мақсатына жауап беретін қызметті жүзеге асыру мақсатында ЕАЭО АЭА

аумағына әкелінген ЕАЭО АЭА-да қызметті жүзеге асыратын ЕАЭО АЭА қатысушысының тұтыну немесе іске асыру фактісін растау үшін мемлекеттік кірістер органы ҚҚС асып кетуін қайтару туралы талабының негізінде тағайындалған тақырыптық тексеру жүргізу барысында ЕАЭО АЭА аумағында орналасқан мемлекеттік кірістер органына тақырыптық тексеру басталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде сұрау салуды жолдайды.

35. Осы Қағидалардың [34-тармағында](#) көрсетілген сұрау салуды алған мемлекеттік кірістер органы осындай сұрау салуды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жауапты жолдайды.

Бұл ретте жауапта ЕАЭО АЭА қатысушысы табыс еткен деректердің негізінде ЕКА кедендік рәсімімен тауарлардың шығаруын жүзеге асырған мемлекеттік кірістер органы ұсынатын ЕАЭО АЭА құру мақсатына жауап беретін қызметті іс жүзінде тұтынылған және іске асырылған ЕАЭО АЭА аумағына әкелінген тауарлардың құны бойынша мәлімет көрсетіледі. Алынған мәліметтерді мемлекеттік кірістер органы Салық кодексінің [391-бабына](#) сәйкес қайтаруға жататын ҚҚС сомасын айқындау кезінде ескереді.

36. Салық кодексінің [391-бабы 4-тармағына](#) сәйкес салықтық бақылау шеңберінде ЕАЭО АЭА қатысушысының ЕКА кедендік рәсімімен орналастырылған ЕАЭО АЭА аумағына әкелінген тауарлардың іс жүзінде тұтыну және іске асыру шарттарын орындамау фактісі анықталған жағдайда, тауарлар импортқа салынады деп танылады және ЕАЭО кеден заңнамасында және (немесе) Кодексте айқындалған тәртіпте және мөлшерде импортталатын тауарларға ҚҚС-ты төлеу үшін белгіленген мерзім бойынша өсімпұлды есептеумен ЕАЭО АЭА аумағына тауарларды әкелу күнінен бастап ҚҚС салуға жатады.

3-параграф. Қосылған құн салығының асып кетуін қайтарудың оңайлатылған тәртібін қолдану кезіндегі тәртіп

37. ҚҚС асып кету сомасын қайтарудың оңайлатылған тәртібі кезінде көрсетілетін қызметті беруші ҚҚС қайтару туралы талаптар ұсынылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыда Салық кодексінің [48-бабында](#) белгіленген талап қою мерзімі шегінде салық есептілігін ұсыну бойынша орындалмаған салықтық міндеттемелерінің жоқ немесе бар болуын, сондай-ақ оның жеке шотында салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің есептелген сомасын көрсетудің дұрыстығын тексереді.

Егер ҚҚС төлеуші және оның құрылымдық бөлімшесі басқа мемлекеттік кірістер органында тіркеу есебінде тұрған жағдайда, ҚҚС қайтару туралы талап келіп түскен көрсетілетін қызметті беруші ақпараттық жүйенің көмегімен ҚҚС асып кетуін қайтару туралы талаптар ұсынылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде тиісті мемлекеттік кірістер органына осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мәселелер бойынша сұрау салу жолдайды.

38. Осы Қағиданың [38-тармағының](#) екінші бөлігінде көрсетілген сұрау салу осындай сұрау салуды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде орындауға жатады.

39. Салық кодексінің [434-бабының 2-тармағында](#) көзделген талаптарға сәйкес келмеуі белгіленген кезде көрсетілетін қызметті алушыға ҚҚС-тың асып кетуін қайтарудың оңайлатылған тәртібін қолдануға құқығының жоқ екендігі туралы хабарлама жолданады.

Сонымен қатар көрсетілетін қызметті алушыға Салық кодексінің [431-бабында](#) көзделген ҚҚС-тың асып кетуін қайтару тәртібін қолдану құқығы туралы хабардар етіледі.

Хабарламаны алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге Салық кодексінің [431-бабында](#) көзделген ҚҚС-тың асып кетуін қайтару тәртібін қолданудан бас тарту немесе келісуі туралы - қабылданған шешім туралы жазбаша хабардар етеді.

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін көрсетілетін қызметті алушыдан тиісті жауаптың болмауы Салық кодексінің [431-бабында](#) көзделген ҚҚС-тың асып кетуін қайтарудан бас тарту фактісі болып табылады.

40. Салық кодексінің [434-бабы 2-тармағында](#) көзделген талаптарға сәйкес келген кезде, салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу үшін Салық кодексінде белгіленген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының берешегі жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді жасау қажет болатын салық төлеушілердің тізімі қалыптастырылады.

41. Есепке жатқызуға арналған салықтық өтініш және көрсетілетін қызметті алушының берешегі жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер негізінде көрсетілетін қызметті беруші қайтаруға өкімді 2 (екі) данада жасайды.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті алушының берешегі жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер өкім жасалған күнге қалыптастырылады.

42. Осы Қағиданың [41-тармағында](#) көрсетілген салықтық өтінішті көрсетілетін қызметті алушы, салық төлеушінің берешегі жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер қалыптастырылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушіге табыс етеді.

43. ҚҚС-тың асып кетуін қайтару, егер осы тармақта өзгеше көзделмесе, салықтық берешек болмаған кезде көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша оның банктік шотында жүргізіледі.

Берешек болған кезде көрсетілетін қызметті беруші бар берешекті, оның ішінде құрылымдық бөлімшенің берешегін өтеу есебіне, есепке жатқызуға арналған салықтық өтінішті ұсынбастан, ҚҚС-тың асып кетуін есепке жатқызуды жүргізеді.

Осы тармақта көзделген есепке жатқызу жүргізілгеннен кейін ҚҚС асып кету сомасының қалдығы оның банктік шотына қайтаруға жатады.

44. Салық кодексінің [434-бабы 2-тармағының](#) жетінші бөлігіне және [433-бабына](#) сәйкес көрсетілетін қызметті алушыға ҚҚС асып кетуін қайтарған жағдайда не осы Қағидалардың [39-тармағына](#) сәйкес ҚҚС қайтарудың оңайлатылған тәртібін қолданудан бас тартқан кезде есептілік салық кезеңінің соңына өсу жиынтығымен декларация бойынша қалыптасқан ҚҚС-тың асып кету сомасы, қайтаруға ұсынылған, соның ішінде оңайлатылған тәртіппен қайтарылған ҚҚС асып кету сомаларының дұрыстығын растау жөніндегі тақырыптық тексерудің нәтижелері бойынша, бірақ Салық кодексінің [434-бабына](#) сәйкес ҚҚС асып кету сомасын қайтару туралы талабында көрсетілген ҚҚС-тан артық емес сомасында, не Салық кодексінің [433](#) және (немесе) [434-баптарына](#) сәйкес ҚҚС асып кету сомасын қайтару туралы талабында бір уақытта көрсету кезінде қалыптасқан ҚҚС-тан артық емес сомасында және Салық кодексінің [429-бабының 5-тармағына](#) сәйкес қалған ҚҚС асып кету сомасында қайтарылуға жатады.

Осындай тексеру нәтижелері бойынша қайтаруға жататын ҚҚС асып кету сомасы есепті салықтық кезеңінің соңына өсу жиынтығымен декларация бойынша қалыптасқан асып кеткен сома, Салық кодексінің [433](#) және (немесе) [434-баптарына](#) сәйкес қайтарылған ҚҚС сомасы мен тексеру нәтижелері бойынша расталмаған, бірақ ҚҚС қайтару туралы талапта көрсетілген ҚҚС сомасынан артық емес ҚҚС сомасы арасындағы айырмашылық ретінде айқындалады.

4-параграф. Қосылған күн салығын төлеуші қосылған күн салығының бақылау шотын пайдаланған кезде қосылған күн салығының асып кету сомасын қайтару тәртібі

45. ҚҚС асып кету сомасын қайтару Салық кезеңі үшін ҚҚС бойынша декларацияда көрсетілген ҚҚС асып кету сомасын қайтару туралы оның талабының негізінде бақылау

шотын пайдаланатын ҚҚС төлеуші болып табылатын көрсетілетін қызметті алушыға салықтық тексеру жүргізбестен 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Бұл ретте ҚҚС асып кету сомасын қайтару талапта көрсетілген, бірақ ол Салық кодексінің [48-бабында](#) белгіленген талап қоюдың ескіру мерзімін ескере отырып, ҚҚС бақылау шотын пайдаланған салық кезеңінен аспайтын салық кезеңі үшін жүргізіледі.

Осы тармаққа сәйкес қайтаруға ұсынылған ҚҚС асып кету сомасының дұрыстығын растауды көрсетілетін қызметті беруші ақпараттық жүйелерде бар деректердің негізінде жүргізеді.

Бұл ретте ҚҚС асып кету сомасының дұрыстығы ішінара не толық расталмаған жағдайда, мыналарда:

осы Қағидалардың [47-тармағы 1\) тармақшасында](#) көрсетілген көрсетілетін қызметті алушыға Салық кодексінің [433-бабына](#) сәйкес ҚҚС асып кетуін қайтаруға құқықтың жоқтығы туралы хабарланады;

осы Қағидалардың [47-тармағы 2\), 3\), 4\), 5\) тармақшаларында](#) көрсетілген көрсетілетін қызметті алушыға Салық кодексінің [433-бабына](#) сәйкес ҚҚС асып кетуін қайтаруға құқықтың жоқтығы туралы, Салық кодексінің [429](#), [431](#), [432](#) және [434-баптарында](#) көзделген ҚҚС асып кетуін қайтару тәртібін қолдану құқығы туралы хабарланады.

46. ҚҚС-тың асып кетуін қайтару өткізу кезінде ҚҚС сомасын есептеу бақылау шотын пайдалана отырып жүргізілген тауарларды сатып алу (алу) бойынша қалыптасқан ҚҚС-тың асып кету сомасы бөлігінде, электрондық шот-фактура ақпараттық жүйесінің «Виртуалды қойма» модулінде осындай тауарлардың қозғалысы туралы ақпаратты ескере отырып, Салық кодексінің [433-бабы 3-тармағында](#) көрсетілген салық төлеуші болып табылатын көрсетілетін қызметті алушыға жүргізіледі.

47. Осы параграфтың мақсатында ҚҚС-тың асып кетуін қайтару мынадай тауарларға:

1) Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 2 сәуірдегі № 183 және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 8 сәуірдегі № 140 [бірлескен бұйрығымен](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18497 болып тіркелген) бекітілген тізбе (бұдан әрі - Тізбе) бойынша қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтаруға салық төлеушілер құқылы, басқа тауарларды өндіруде пайдаланатын, сатып алынған (алынған) тауарларға (лизинг нысаналарына) қатысты жүргізіледі.

Осы тармақшада көрсетілген сатып алынған (алынған) тауарлар (лизинг нысаналары) сатып алынған (алынған) күннен бастап 2 (екі) жыл ішінде одан әрі өткізуге жатпайды;

2) экспортқа өткізілген тауарлар;

3) халықаралық ұшуларды, халықаралық әуе тасымалдарын орындайтын шетелдік авиакомпанияларға әуе кемелеріне құю үшін өткізілген жанар-жағар май материалдары;

4) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне өткізетін, салық төлеуші өзі өндірген немесе қайта өңдеу мақсатында меншігіне сатып алған шикізаттан өндірілген тазартылған алтын;

5) АЭА құру мақсаттарына жауап беретін қызметті жүзеге асыру кезінде толық тұтынылатын, АЭА аумағына өткізетін тауарлар.

48. ҚҚС асып кету сомасын қайтару мерзімінің ағыны Салық кодексінің [212-бабы 3-тармағының 2\) тармақшасына](#) сәйкес ұзарту кезеңін есепке ала отырып ҚҚС бойынша декларацияларды көрсетілетін қызметті берушіге табыс ету үшін Салық кодексінде белгіленген соңғы күн өткеннен кейін басталады.

49. Егер ҚҚС бақылау шотын пайдаланатын ҚҚС төлеушісі болып табылатын көрсетілетін қызметті алушыда ҚҚС бойынша салық міндеттемелерін және салық кезеңінің қорытындысы бойынша тауарлардың жеткізушілерімен және (немесе) сатып алушыларымен есеп айырысуларды орындағаннан кейін ҚҚС бақылау шотында ақша қалдығы болған жағдайда, онда көрсетілетін қызметті алушының қалауы бойынша ҚҚС-тің көрсетілген сомасы бюджетке аударылады және Салық кодексінің [101-бабында](#) айқындалған тәртіппен қайтарылуға тиіс.

Осы тармақтың ережесі де қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылғанды қоспағанда, бақылау шотты қолданатын көрсетілетін қызметті алушы таратылған немесе қайта ұйымдастырылған жағдайда қолданылады.

Бұл ретте, осы тармақтың бірінші бөлігінің мақсатында артық төленген ҚҚС сомасы, ақпараттық жүйелерде бар ҚҚС сомасы бөлігіндегі тауарларды жеткізушілермен және (немесе) сатып алушылармен өзара есеп айырысулар бойынша мәліметтерді ескере отырып айқындалады.

50. ҚҚС төлеушісі болып табылатын көрсетілетін қызметті алушыда қалыптасқан ҚҚС асып кетуі Салық кодексінің [431-бабында](#) және (немесе) [432](#) және (немесе) [433](#) және (немесе) [434](#) және (немесе) [429-бабының 5-тармағында](#) белгіленген тәртіппен және мерзімде көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша қайтаруға жатады.

ҚҚС асып кетуі көрсетілетін қызметті алушыға Салық кодексінің [434-бабына](#) сәйкес оңайлатылған тәртіпте қайтарылған жағдайда, ҚҚС асып кетуінің қалған бөлігі, бірақ ҚҚС қайтару туралы талапта көрсетілген ҚҚС аспайтын сомасы, көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша Салық кодексінің [431](#) және (немесе) [433-баптарында](#) белгіленген тәртіппен және мерзімде қайтарылады.

51. Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидалардың [47-тармағы 1\) тармақшасының](#) екінші бөлігінде көзделген шарттарды орындамаған жағдайда, бюджеттен қайтарылған ҚҚС асып кету сомасы, Салық кодексінің [104-бабы 4-тармағында](#) көрсетілген мөлшерде бюджеттен қайтарылған күннен бастап әрбір күн үшін есептелген өсімпұлмен бюджетке төленуге жатады.

Бұл ретте бюджетке ҚҚС сомасын және осы тармақта көзделген өсімпұлдарды төлеуді көрсетілетін қызметті алушы Салық кодексінің [96-бабы 2-тармағының](#) екінші бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес келіскен немесе тексеру нәтижелері бойынша хабарлаған жағдайда, камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның негізінде жүргізіледі.

52. Салық кодексінің [433-бабына](#) сәйкес ҚҚС бақылау шотын пайдаланатын көрсетілетін қызметті алушы ҚҚС асып кету сомасының дұрыстығын растаған кезде осы Қағидалардың [7, 8, 9, 10, 11, 14](#) және [15-тармақтарының](#) ережелері қолданылмайды.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану және (немесе) шағымдану тәртібі Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша тексеру нәтижелері туралы хабарлама

53. Салық кодекстің 4-бөліміне сәйкес көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешім, әрекет (әрекетсіздік) және (немесе) хабарлама бойынша тексеру нәтижелері туралы мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шағым беріледі.

54. Тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағым беру және оны қарау Салық кодекстің [178 - 186-баптарында](#) айқындалған тәртіппен жүргізіледі.

55. Салық кодекстің [177-бабының 2-тармағына](#) сәйкес тексеру нәтижелері туралы хабарламаға сотқа шағым жасауға құқылы.

56. Салық кодекстің [187-бабына](#) сәйкес көрсетілетін қызметті алушы лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған мемлекеттік кірістер органына немесе сотқа шағым жасауға құқығы бар.

57. Салық кодекстің [188-бабына](#) сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тәртіппен шағым жасалады.

| «Бюджеттен қосылған құн салығын қайтару» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) | | |
|---|---|--|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша, арнайы экономикалық аймағының (бұдан әрі - АЭА) аумағындағы аумақтық органдары |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері (арналарға қол жеткізу) | Өтініштер қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беруді «Бюджеттен қосылған құн салығын қайтару» мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша, арнайы экономикалық аймақтар аумақтарындағы аумақтық органдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) «электрондық үкімет» веб-порталы: Салық төлеушісінің кабинетінде www.egov.kz арқылы жүзеге асырылады. |
| 3 | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері | 1) қосылған құн салығының (бұдан әрі - ҚҚС) асып кетуін қайтару бойынша: ҚҚС асып кету сомасын қайтару туралы талап қойылған салық кезеңі үшін өткізу бойынша жалпы салық салынатын айналымда кемінде 70 пайызды құрайтын нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын өткізу бойынша айналымдарды жүзеге асыратын көрсетілетін қызметті алушыға, - 55 (елу бес) жұмыс күні ішінде; ҚҚС асып кету сомасын қайтару туралы талап қойылған салық кезеңі үшін шот-фактураларды жазып беру мен алуды электрондық нысанда ғана жүзеге асыратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын тәуекел аймағындағы салық төлеушілердің санатына жатқызылмаған көрсетілетін қызметті алушыға, - 30 (отыз) жұмыс күні ішінде; қалған жағдайларда - күнтізбелік 155 (бір жүз елу бес) күн ішінде; ҚҚС бақылау шотын пайдаланатын ҚҚС төлеуші - көрсетілетін қызметті алушыға - 15 (он бес) жұмыс күні ішінде; Бұл ретте ҚҚС асып кету сомасын қайтару мерзімінің өтуі «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодекстің (Салық кодексі) (бұдан әрі - Салық |

кодексі) [212-бабы 3-тармағының 2\)](#)

[тармақшасына](#) сәйкес ұзарту кезеңін ескере отырып, [Салық кодексінде](#) ҚҚС бойынша декларацияны көрсетілетін қызметті берушіге ұсыну үшін белгіленген соңғы күн өткеннен кейін басталады.

Салықтық мониторингте тұрған ҚҚС төлеушілер-көрсетілетін қызметті алушыларға оңайлатылған тәртіппен қайтару - ҚҚС асып кету сомасын қайтару туралы талабында көрсетілген салық кезеңі үшін ҚҚС бойынша декларацияны көрсетілетін қызметті алушыға ұсыну үшін Салық кодексінде белгіленген соңғы күннен бастап ұзарту кезеңін ескере отырып 15 (он бес) жұмыс күні ішінде;

ҚҚС асып кетуі Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет пайдалануға берілетін өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарды салуға байланысты сатып алған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша, сондай-ақ геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу және кен орнын жайластыру кезеңіндегі пайдалы қазбалар экспортының басталғанынан бастап сатып алған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша қалыптасқан көрсетілетін қызметті алушыға -қайтаруға көрсетілген ҚҚС асып кетуінің жинақталған сомасының анықтығы расталған салық кезеңінен бастап тең үлестермен 20 (жиырма) салық кезеңі ішінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте, тақырыптық тексеру актісіне қорытынды тоқсанның соңғы айының жиырма бесінші күнінен кешіктірілмей жасалады.

ҚҚС қайтару бойынша:

грант қаражаты есебінен сатып алынған тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жеткізушілерге төленген грант алушылар, орындаушылар болып табылатын, грант алушылар деп тағайындалған көрсетілетін қызметті алушыларға - грант қаражаты есебінен сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша төленген ҚҚС қайтару туралы салықтық өтінішті табыс еткен күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде;

Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктеріне, шет мемлекеттің консулдық мекемелеріне (бұдан әрі - өкілдік) және олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, осы өкілдіктердің дипломатиялық, әкімшілік-техникалық персоналына жататын

| | | |
|---|---------------------------------------|---|
| | | <p>адамдарға, олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, консулдық лауазымды адамдарға, консулдық қызметшілерге - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық өкілдіктермен жұмыс жөніндегі ұйымынан жазбаша хабарламасы бар жиынтық ведомостарды (тізілімдерді) және қосылған құн салығының төленгенін растайтын құжаттарды алғаннан кейін 30 (отыз) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.</p> |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | <p>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: Салық кодексінде көзделген ҚҚС асып кету сомасын қайтару кезінде:</p> <p>1) мыналар: ҚҚС бойынша, оның ішінде Қазақстан Республикасында ҚҚС төлеуші болып табылмайтын бейрезиденттен жұмыстар, қызметтер алған кезде төлеуге жататын ҚҚС есебіне, импортталатын тауарларға ҚҚС есебіне; салық төлеушінің салық және бюджетке төленетін төлемдердің өзге де түрлері бойынша; салық төлеушінің ҚҚС, салық және төлемдердің өзге де түрлері бойынша салық берешегі болмаған жағдайда, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелерінің салық және бюджетке төленетін төлемдердің өзге де түрлері бойынша салық берешегін өтеу есебіне ҚҚС асып кету сомасын есепке жатқызу;</p> <p>2) ҚҚС асып кету сомасын салық берешегі болмаған жағдайда салықтардың және төлемдердің өзге де түрлері бойынша (талап бойынша) алдағы төлемдер есебіне есепке жатқызу;</p> <p>3) салық берешегі болмаған кезде қалған ҚҚС асып кетудің қалған сомасын салық төлеушінің банктік шотына қайтару; грант қаражаты есебінен сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша төленген ҚҚС қайтару кезінде:</p> <p>1) мыналар: ҚҚС бойынша, оның ішінде Қазақстан Республикасында ҚҚС төлеуші болып табылмайтын бейрезиденттен жұмыстар, қызметтер алған кезде төлеуге жататын ҚҚС есебіне, импортталатын тауарларға ҚҚС есебіне; салық төлеушінің салық және бюджетке төленетін төлемдердің өзге де түрлері бойынша; салық төлеушінің ҚҚС, салық және төлемдердің өзге де түрлері бойынша салық берешегі болмаған жағдайда, заңды тұлғаның</p> |

| | | |
|---|--|---|
| | | <p>құрылымдық бөлімшелерінің салық және бюджетке төленетін төлемдердің өзге де түрлері бойынша салық берешегін өтеу есебіне ҚҚС асып кету сомасын есепке жатқызу;</p> <p>2) ҚҚС сомасын салық берешегі болмаған жағдайда салықтардың, төлемдердің өзге де түрлері бойынша (талап бойынша) алдағы төлемдер есебіне есепке жатқызу (қайтару);</p> <p>3) грант алушыға немесе орындаушыға есепке жатқызулар жүргізілгеннен кейін оның банктік шотына қайтаруға жататын ҚҚС қалған сомасын қайтару;</p> <p>өкілдіктерге және (немесе) өкілдіктің персоналына ҚҚС қайтару кезінде - Қазақстан Республикасының банктерінде ашылған өкілдіктердің және (немесе) өкілдіктер персоналының тиісті шоттарына ҚҚС қайтару;</p> <p>көрсетілетін қызметті берушінің осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздемелер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәждеделген жауабы.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: электронды және (немесе) қағаз түрінде.</p> |
| 6 | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан өндіріп алынатын төлемақы мөлшері, және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, оны өндіріп алу тәсілдері | Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі. |
| 7 | Жұмыс кестесі | <p>1) көрсетілетін қызметті беруші - 2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі-Еңбек кодексі) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін, 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Мемлекеттік қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген;</p> <p>2) портал, СЕӨС - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p> |
| 8 | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі | <p>көрсетілетін қызметті берушіге:</p> <p>1) грант қаражаты есебінен сатып алынған</p> |

тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша төленген ҚҚС қайтару туралы салықтық өтініш;
2) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін - салық кезеңі үшін белгіленген нысандағы ҚҚС жөніндегі декларацияда көрсетілген ҚҚС асып кетуін қайтару туралы талап.

Қосымша:

нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын айналымдарды (осындай айналымдар болған кезде) растау үшін тауарлар экспорты бойынша салықтық тексеру жүргізу жағдайында:

1) экспортталатын тауарларды жеткізуге арналған шарт (келісімшарт);

2) осы тармақтың төртінші бөлігінің 3) және 6) тармақшаларында көрсетілген жағдайлардан басқа, тауарлар шығаруды экспорт кедендік рәсімімен орналастыра отырып жүзеге асыратын кеден органының белгілері бар, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі - ЕАЭО) кедендік шекарасындағы өткізу пунктінде орналасқан мемлекеттік кірістер органының немесе ЕАЭО мүше басқа мемлекеттің кеден органының белгісі бар тауарларға арналған декларацияның көшірмесі;
3) экспорт кедендік рәсімімен орналастырыла отырып, тауарларды:

магистральдық құбыржолдар жүйесі арқылы немесе электр беру желілері бойынша;
кезеңді кедендік декларациялауды пайдалана отырып;

уақытша кедендік декларациялауды пайдалана отырып әкеткен кезде кедендік декларациялауды жүргізген кеден органының белгілері бар тауарларға арналған толық декларацияның көшірмесі;

4) тауарға ілеспе құжаттардың көшірмелері.

Тауарларды экспорт кедендік рәсімімен орналастырумен магистральдық құбыржолдар жүйесі арқылы немесе электр беру желілері бойынша әкеткен жағдайда тауарға ілеспе құжаттардың көшірмелерінің орнына тауарларды қабылдап алу-тапсыру актісі ұсынылады;

5) зияткерлік меншік құқығын қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның зияткерлік меншік объектісіне құқық туралы, сондай-ақ оның құнын растауы - зияткерлік меншік объектісі экспортталған жағдайда;

6) тауарларды экспорт кедендік рәсімінде шығаруды жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органының белгілері бар, сондай-ақ «Қорғас» халықаралық шекара маңы ынтымақтастығы орталығы» арнайы экономикалық аймағының

бақылау-өткізу пунктінде орналасқан мемлекеттік кірістер органының белгісі бар тауарларға арналған декларацияның көшірмелері;

кедендік аумақтан тыс жерде қайта өңдеу кедендік рәсімімен орналастырыла отырып, бұрын Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан тыс жерге әкетілген тауарларды немесе олардың қайта өңдеу өнімдерін одан әрі экспорттау жүзеге асырылған жағдайда, нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын айналымдарды (мұндай айналымдар болған кезде) растау үшін тауарлар экспорты бойынша салықтық тексеру жүргізу жағдайында:

- 1) соған сәйкес кедендік аумақтан тыс жерде қайта өңдеу кедендік рәсімін экспорт кедендік рәсіміне өзгерту жүргізілетін тауарларға арналған декларацияның көшірмесі;
- 2) кедендік аумақтан тыс жерде қайта өңдеу кедендік рәсімімен орналастырумен ресімделген тауарларға арналған декларацияның көшірмесі;
- 3) кедендік аумақта қайта өңдеу (тауарларды ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу) кедендік рәсімімен орналастырумен тауарларды шет мемлекеттің аумағына әкелу кезінде ресімделген, осындай ресімдеуді жүзеге асырған шет мемлекеттің кеден органы куәландырған тауарларға арналған декларацияның көшірмесі;
- 4) соған сәйкес шет мемлекеттің аумағында ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу кедендік рәсімін шет мемлекеттің аумағында ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсіміне немесе экспорт кедендік рәсіміне өзгерту жүргізілетін тауарларға арналған декларацияның көшірмесі;

осы тармақта көзделген, электрондық құжат түріндегі тауарларға арналған декларация болған кезде Салық кодекстің [386-бабының](#) 2-тармағының 2), 3) және 6) тармақшаларында және 3-тармағының 1) және 2) тармақшаларында белгіленген құжаттарды ұсыну талап етілмейді; нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын ҚҚС айналымдарын растау үшін Қазақстан Республикасының аумағынан ЕАЭО мүше басқа мемлекеттің аумағына тауарларды экспорттау бойынша салықтық тексеру жүргізу жағдайында:

- 1) өзгерістер, толықтырулар және оларға қосымшалар ескеріле отырып, солардың негізінде тауарлар экспорты жүзеге асырылатын шарттар (келісімшарттар) (бұдан әрі - шарттар (келісімшарттар), ал тауарлар лизингі немесе заттар түрінде қарыз берілетін жағдайда - лизинг шарттары (келісімшарттары), заттар түрінде

қарыз беруді көздейтін шарттар (келісімшарттар), тауарларды дайындауға арналған шарттар (келісімшарттар);

2) аумағына тауарлар импортталған ЕАЭО мүше мемлекеттің салық органының белгісі бар тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы, жанама салықтарды төлеу және (немесе) оларды төлеуден босату және (немесе) төлеудің өзге тәсілі туралы өтініш (қағаз тасымалдағыштағы түпнұсқасы немесе көшірмелері) не өтініштер тізбесі (қағаз тасымалдағыштағы немесе электрондық нысанда);

3) ЕАЭО мүше бір мемлекеттің аумағынан ЕАЭО мүше басқа мемлекеттің аумағына тауарлардың өткізілуін растайтын тауарға ілеспе құжаттардың көшірмелері тауарлар экспортын растайтын құжаттар болып табылады. Тауарларды магистральдық құбыржолдар жүйесі бойынша немесе электр беру желілері бойынша экспорттаған жағдайда тауарларға ілеспе құжаттар көшірмелерінің орнына тауарларды қабылдап алу-тапсыру актісі ұсынылады;

4) зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның зияткерлік меншік объектісіне құқығы туралы, сондай-ақ зияткерлік меншік объектісін экспорттаған жағдайда оның құны туралы растамасы тауарлар экспортын растайтын құжаттар болып табылады;

Салық кодекстің [393-бабының 3-тармағында](#) көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағынан ЕАЭО мүше мемлекеттердің аумағына қайта өңдеу үшін бұрын әкетілген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу өнімдерін ЕАЭО мүше мемлекеттердің аумағында өткізген жағдайда, қайта өңдеу өнімдерінің экспортын растау үшін салықтық тексеру жүргізу жағдайында:

1) алыс-беріс шикізатын қайта өңдеуге арналған шарттар (келісімшарттар);

2) солардың негізінде қайта өңдеу өнімдерінің экспорты жүзеге асырылатын шарттар (келісімшарттар);

3) алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды орындау фактісін растайтын құжаттар;

4) Қазақстан Республикасының аумағынан ЕАЭО мүше басқа мемлекеттің аумағына алыс-беріс шикізатының әкетілуін растайтын тауарларға ілеспе құжаттардың көшірмелері.

Алыс-беріс шикізатын магистральдық

құбыржолдар жүйесі бойынша немесе электр беру желілері бойынша әкеткен жағдайда тауарларға ілеспе құжаттар көшірмелерінің орнына тауарларды қабылдап алу-тапсыру актісі ұсынылады;

5) тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш (аумағына қайта өңдеу өнімдері импортталған ЕАЭО мүше мемлекеттің салық органының жанама салықтарды төлеу (төлеуден босату немесе салықтық міндеттемелерді орындаудың өзге тәртібі) туралы белгісі бар қағаз тасымалдағышта);

6) қайта өңдеу өнімдерінің ЕАЭО мүше мемлекеттің аумағынан әкетілуін растайтын тауарларға ілеспе құжаттардың көшірмелері. Егер қайта өңдеу өнімдері аумағында алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстар орындалған ЕАЭО мүше мемлекеттің салық төлеушісіне өткізілсе - осындай қайта өңдеу өнімдерінің тиіп-жөнелтілгенін растайтын құжаттардың негізінде.

Қайта өңдеу өнімдерін магистральдық құбыржолдар жүйесі бойынша немесе электр беру желілері бойынша әкеткен жағдайда, тауарларға ілеспе құжаттар көшірмелерінің орнына тауарларды қабылдап алу-тапсыру актісі ұсынылады;

7) салық төлеушінің Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағындағы екінші деңгейдегі банктерде ашылған банктік шоттарына валюталық түсімнің түскенін растайтын құжаттар.

Қайта өңдеу өнімдерін сыртқы сауда тауар алмасу (бартерлік) операциялары бойынша экспорттаған жағдайда қайтарылуға жататын ҚҚС сомасын айқындау кезінде шарттың (келісімшарттың), сондай-ақ көрсетілген операция бойынша алынған тауарлардың импортын (жұмыстардың орындалуын, қызметтердің көрсетілуін) растайтын құжаттардың болуы ескеріледі.

Қазақстан Республикасының аумағынан ЕАЭО мүше басқа мемлекеттің аумағына қайта өңдеу үшін бұрын әкетілген алыс-беріс шикізатының қайта өңдеу өнімдерін ЕАЭО мүше болып табылмайтын мемлекеттің аумағына одан әрі экспорттаған жағдайда, қайта өңдеу өнімдерінің экспортын растау мынадай құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

1) алыс-беріс шикізатын қайта өңдеуге арналған шарттар (келісімшарттар);

- 2) солардың негізінде қайта өңдеу өнімдерінің экспорты жүзеге асырылатын шарттар (келісімшарттар);
- 3) алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстардың орындалу фактісін растайтын құжаттар;
- 4) Қазақстан Республикасының аумағынан ЕАЭО мүше басқа мемлекеттің аумағына алыс-беріс шикізатын әкетуді растайтын тауарларға ілеспе құжаттардың көшірмелері.
Алыс-беріс шикізатын магистральдық құбыржолдар жүйесі бойынша немесе электр беру желілері бойынша әкеткен жағдайда тауарларға ілеспе құжаттар көшірмелерінің орнына тауарларды қабылдап алу-тапсыру актісі ұсынылады;
- 5) қайта өңдеу өнімдерінің ЕАЭО шегінен тыс жерлерге әкетілуін растайтын тауарларға ілеспе құжаттардың көшірмелері.
Қайта өңдеу өнімдерін магистральдық құбыржолдар жүйесі бойынша немесе электр беру желілері бойынша әкеткен жағдайда, тауарларға ілеспе құжаттар көшірмелерінің орнына тауарларды қабылдап алу-тапсыру актісі ұсынылады;
- 6) тауарларды экспорттың кедендік рәсімінде шығаруды жүзеге асыратын ЕАЭО мүше мемлекеттің кеден органының белгілері бар, сондай-ақ осы тармақтың 7) тармақшасында көрсетілген жағдайлардан басқа, ЕАЭО кедендік шекарасындағы өткізу пунктінде орналасқан ЕАЭО мүше мемлекеттің кеден органының белгісі бар тауарларға арналған декларациялар;
- 7) мынадай жағдайларда:
тауарларды магистральдық құбыржолдар жүйесі арқылы немесе электр беру желілері бойынша экспорт кедендік рәсімімен әкету;
кезеңді декларациялау рәсімін қолдана отырып, тауарларды экспорт кедендік рәсімімен әкету;
уақытша декларациялау рәсімін қолдана отырып, тауарларды экспорт кедендік рәсімімен әкету кезінде кедендік декларациялауды жүргізген ЕАЭО мүше мемлекеттің кеден органының белгілері бар тауарларға арналған толық декларация;
- 8) мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінде ол бойынша мемлекеттік кірістер органдарынан тауарлардың іс жүзінде әкетілуі туралы хабарлама болатын, сондай-ақ тауарлардың экспортын растайтын құжат болып табылатын электрондық құжат түріндегі тауарларға арналған декларациялар.

Осы тармақшада көзделген электрондық құжат түріндегі тауарларға арналған декларация бар болған кезде осы тармақтың 6) және 7) тармақшаларында белгіленген құжаттарды ұсыну талап етілмейді;

9) көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағындағы екінші деңгейдегі банктерде ашылған банктік шоттарына валюталық түсімнің түскенін растайтын құжаттар.

Қайта өңдеу өнімдерін сыртқы сауда тауар алмасу (бартерлік) операциялары бойынша экспорттаған жағдайда қайтарылуға жататын ҚҚС сомасын айқындау кезінде шарттың (келісімшарттың), сондай-ақ көрсетілген операция бойынша алынған тауарлардың импортын (жұмыстардың орындалуын, қызметтердің көрсетілуін) растайтын құжаттардың болуы ескеріледі;

нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын ҚҚС айналымдарын растау үшін ЕАЭО-ғы халықаралық тасымалға салықтық тексеру жүргізу жағдайында:

- 1) экспорттау жағдайында - тауарларды импорттаушыдан экспорттаушы алған тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштің көшірмесі;
- 2) импорттау жағдайында - тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына импорттаған салық төлеушіден алынған тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштің көшірмесі;
- 3) орындалған жұмыстардың актілері, жүктерді сатушыдан не көрсетілген жүктердің бұдан бұрын жеткізуін жүзеге асырған басқа тұлғалардан сатып алушыға не көрсетілген жүктерді одан әрі жеткізуді жүзеге асыратын басқа тұлғаларға қабылдап алу-тапсыру актілері;
- 4) шот-фактуралар;

жүктерді магистральдық құбыржолдар жүйесі арқылы ЕАЭО мүше бір мемлекеттің аумағынан ЕАЭО мүше сол немесе басқа мемлекеттің аумағына Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тасымалдау бойынша салықтық тексеру жүргізу жағдайында:

- 1) орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің, жүктерді сатушыдан не көрсетілген жүктердің бұдан бұрын жеткізуін жүзеге асырған басқа тұлғалардан сатып алушыға не көрсетілген жүктерді одан әрі жеткізуді жүзеге асыратын басқа тұлғаларға

қабылдап алу-тапсыру актілері;

2) шот-фактуралар;

Қазақстан Республикасының салық төлеушісі ЕАЭО мүше мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына қайта өңдеу өнімдерін кейіннен ЕАЭО мүше сол мемлекеттің аумағына әкету үшін әкелінген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды орындаған жағдайда алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды орындау фактісін растау бойынша салықтық тексеру жүргізу жағдайында:

1) ЕАЭО мүше мемлекеттердің салық төлеушілері арасында жасалған шарттар (келісімшарттар);

2) алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды орындау фактісін растайтын құжаттар;

3) алыс-беріс шикізатын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді растайтын құжаттар (оның ішінде қайта өңдеу өнімдерін әкелу (әкету) туралы міндеттеме);

4) қайта өңдеу өнімдерін Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуді растайтын құжаттар (оның ішінде қайта өңдеу өнімдерін әкелу (әкету) туралы міндеттемені орындау);

5) алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстардың құнынан ҚҚС төленгенін растайтын тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш (қағаз тасымалдағыштағы түпнұсқасы немесе көшірмесі) не өтініштер тізбесі (қағаз тасымалдағышта немесе электрондық нысанда). Алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу өнімдерін ЕАЭО мүше болып табылмайтын мемлекеттің аумағына әкеткен жағдайда осы тармақшада көрсетілген өтініш не өтініштер тізбесі ұсынылмайды;

6) Салық кодекстің 152-бабының 7-тармағында көзделген, салық төлеушінің Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағындағы екінші деңгейдегі банктерде ашылған банктік шоттарына валюталық түсімнің түскенін растайтын құжаттар;

7) тиісті уәкілетті мемлекеттік органның тауарларды қайта өңдеу шарттары туралы қорытындысы.

Қазақстан Республикасының салық төлеушісі ЕАЭО мүше бір мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі

жұмыстарды қайта өңдеу өнімдерін кейіннен ЕАЭО мүше басқа мемлекеттің аумағына өткізе отырып орындаған жағдайда, алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды орындау фактісін растау үшін Қазақстан Республикасының салық төлеушісі:

- 1) ЕАЭО мүше мемлекеттердің салық төлеушілері арасында жасалған алыс-беріс шикізатын қайта өңдеуге, дайын өнімді жеткізуге арналған шарттарды (келісімшарттарды);
- 2) алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды орындау фактісін растайтын құжаттарды;
- 3) алыс-беріс шикізатын және дайын өнімді қабылдап алу-тапсыру актілерін;
- 4) Қазақстан Республикасының аумағына алыс-беріс шикізатының әкелінуін растайтын құжаттарды (оның ішінде қайта өңдеу өнімдерін әкелу (әкету) туралы міндеттемені);
- 5) Қазақстан Республикасының аумағынан қайта өңдеу өнімдерінің әкетілуін растайтын құжаттарды (оның ішінде қайта өңдеу өнімдерін әкелу (әкету) туралы міндеттеменің орындалуы);
- 6) алыс-беріс шикізатының меншік иесінен алынған, алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстардың құнынан ҚҚС төленгенін растайтын тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті;
- 7) тиісті уәкілетті мемлекеттік органның тауарларды қайта өңдеу шарттары туралы қорытындысын;
- 8) Салық кодекстің [152-бабының 7-тармағында](#) көзделген, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағындағы екінші деңгейдегі банктерде ашылған банктік шоттарына валюталық түсімнің түскенін растайтын құжаттарды ұсынады.

Қазақстан Республикасының салық төлеушісі ЕАЭО мүше басқа мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды қайта өңдеу өнімдерін кейіннен ЕАЭО мүше болып табылмайтын мемлекеттің аумағына өткізе отырып орындаған жағдайда, алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды орындау фактісін растау үшін Қазақстан Республикасының салық төлеушісі:

- 1) ЕАЭО мүше мемлекеттердің салық төлеушілері арасында жасалған шарттарды (келісімшарттарды);

2) алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды орындау фактісін растайтын құжаттарды;

3) Қазақстан Республикасының аумағына алыс-беріс шикізатының әкелінуін растайтын құжаттарды (оның ішінде қайта өңдеу өнімдерін әкелу (әкету) туралы міндеттемені);

4) Қазақстан Республикасының аумағынан қайта өңдеу өнімдерінің әкетілуін растайтын құжаттарды (оның ішінде қайта өңдеу өнімдерін әкелу (әкету) туралы міндеттеменің орындалуы);

5) тауарларды ЕАЭО мүше болып табылмайтын мемлекеттің аумағына экспорт кедендік рәсімімен әкету кезінде ресімделген тауарларға арналған декларацияның ЕАЭО мүше мемлекеттің кедендік декларациялауды жүзеге асырған кеден органы растаған көшірмесін;

6) мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінде мемлекеттік кірістер органдарының тауарларды іс жүзінде әкету туралы хабарламасы бар электрондық құжат түріндегі, сондай-ақ тауарлар экспортын растайтын құжат болып табылатын тауарларға арналған декларацияны ұсынады. Осы тармақшада көзделген электрондық құжат түріндегі тауарларға арналған декларация болған кезде Салық кодекстің [449-бабының 4-тармағының 5\) тармақшасында](#) белгіленген құжатты ұсыну талап етілмейді;

7) Салық кодекстің [152-бабының 7-тармағында](#) көзделген, салық төлеушінің Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағындағы екінші деңгейдегі банктерде ашылған банктік шоттарына валюталық түсімнің түскенін растайтын құжаттарды;

8) тиісті уәкілетті мемлекеттік органның тауарларды қайта өңдеу шарттары туралы қорытындысын ұсынады.

ЕАЭО мүше басқа мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына қайта өңдеу өнімдерін кейіннен Қазақстан Республикасының аумағында өткізе отырып әкелінген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарға Салық кодекстің [422-бабының 1-тармағында](#) белгіленген мөлшерлеме бойынша ҚҚС салынуға жатады.

Қазақстан Республикасының салық төлеушісі алыс-беріс шикізатын қайта өңдеуге әкелуді (әкетуді) жүзеге асырған жағдайда, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша уәкілетті орган бекіткен

тәртіппен, нысан бойынша және мерзімдерде қайта өңдеу өнімдерін әкету (әкелу) туралы міндеттемені, сондай-ақ оның орындалуын ұсынады.

Алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу уәкілетті орган белгілеген тауарларды қайта өңдеу шарттарына сәйкес келуге тиіс.

Тиісті уәкілетті мемлекеттік органның тауарларды қайта өңдеу шарттары туралы қорытындысы мынадай мәліметтерді қамтуға тиіс:

- 1) ЕАЭО Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес тауарлар мен қайта өңдеу өнімдерінің атауы, сыныптамасы, олардың саны және құны;
- 2) қайта өңдеуге арналған шарттың (келісімшарттың) күні мен нөмірі, қайта өңдеу мерзімі;
- 3) қайта өңдеу өнімдерінің шығу нормалары;
- 4) қайта өңдеу сипаттамасы;
- 5) қайта өңдеуді жүзеге асыратын тұлға туралы мәліметтер;

нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын айналымдарды (мұндай айналымдар болған кезде) растау үшін бағалы металдар өндірісінің субъектілері және оны қайта өңдеу нәтижесінде аффинирленген алтынның меншік иелеріне айналған тұлғалар болып табылатын салық төлеушілердің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне бағалы металдардағы активтерді толықтыру үшін өз өндірісінің шикізатынан алынған аффинирленген алтынды өткізуі бойынша салықтық тексеру жүргізу жағдайында:

- 1) салық төлеуші мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арасында жасалған бағалы металдардағы активтерді толықтыру үшін аффинирленген алтынды сатып алу-сатудың жалпы талаптары туралы шарт;
- 2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне өткізілген аффинирленген алтынның құнын растайтын құжаттардың көшірмелері;
- 3) аффинирленген алтын саны көрсетіле отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аффинирленген алтынды алғанын растайтын құжаттардың көшірмелері;

нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын айналымдарды (мұндай айналымдар болған кезде) растау үшін халықаралық тасымалдар бойынша көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша салықтық тексеру жүргізу жағдайында: жүктерді тасымалдау кезінде:

халықаралық автомобиль қатынасында - тауар-

көлік жүкқұжаты;
халықаралық теміржол қатынасында, оның ішінде тікелей халықаралық теміржол-паром қатынасында - бірыңғай үлгідегі жүкқұжат; әуе көлігімен - жүкке арналған жүкқұжат (әуе жүкқұжаты);
теңіз көлігімен - коносамент немесе теңіз жүкқұжаты;
көліктің екі немесе одан көп түрімен транзитпен (аралас тасымал) - бірыңғай тауар-көлік жүкқұжаты (бірыңғай коносамент);
магистральдық құбыржолдар жүйесі арқылы: есеп айырысу кезеңі ішіндегі экспорт және ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімдерімен орналастырылған тауарларға арналған декларацияның көшірмесі не есеп айырысу кезеңі ішіндегі кедендік транзит кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларға арналған декларация;
орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актілері, жүктерді сатушыдан не көрсетілген жүктердің бұрын жеткізуін жүзеге асырған басқа да тұлғалардан сатып алушыға не көрсетілген жүктерді одан әрі жеткізуді жүзеге асыратын басқа да тұлғаларға қабылдап алу-тапсыру актілері;
жолаушыларды, багажды және жүк багажын тасымалдау кезінде:
автомобиль көлігімен:
тұрақты тасымалдар кезінде - Қазақстан Республикасында сатылған жол жүру билеттерін сату туралы есеп, сондай-ақ жол жүру бойындағы автовокзалдар (автостанциялар) жасаған жолаушылар билеттері туралы есеп айырысу ведомостары;
тұрақты емес тасымалдар кезінде - халықаралық қатынаста көлік қызметтерін көрсету туралы шарт;
теміржол көлігімен:
Қазақстан Республикасында сатылған жол жүру, тасымалдау және пошта құжаттарын сату туралы есеп;
Қазақстан Республикасында халықаралық қатынаста сатылған жолаушылар билеттері туралы есеп айырысу ведомосы;
теміржол әкімшіліктері арасындағы жолаушылар тасымалдары үшін өзара есеп айырысу жөніндегі баланстық ведомость пен жол жүру және тасымалдау құжаттарын ресімдеу туралы есеп;
әуе көлігімен:
бас декларация;
жолаушы манифесі;

карго-манифест;
лоджит (орталық-тиеу кестесі);
жинақтау-тиеу ведомосы (жол жүру билеті және багаж квитанциясы);
халықаралық қатынаста жолаушылар поездарының (вагондарының) жүріп өтуі бойынша көрсетілетін қызмет кезінде:
жолаушылар поезының заттай парағы;
осы тармақта көзделген, электрондық құжат түріндегі тауарларға арналған декларация болған кезде Салық кодекстің [387-бабының](#) 4-тармағы бірінші бөлігі 1) тармақшасының сегізінші абзацында белгіленген құжаттарды ұсыну талап етілмейді.

нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын айналымдарды (мұндай айналымдар болған кезде) растау үшін халықаралық ұшуды, халықаралық әуе тасымалдарын орындайтын шетелдік авиакомпаниялардың әуе кемелеріне жанармай құю кезінде әуежайлар жүзеге асыратын жанар-жағармай материалдарын өткізу кезінде әуежайлар жүзеге асыратын жанар-жағармай материалдарын өткізу жөніндегі айналым бойынша салықтық тексеру жүргізу жағдайында:

- 1) тұрақты рейстерді жүзеге асыру кезінде - әуежайдың шетелдік авиакомпаниямен жанар-жағармай материалдарын өткізуді көздейтін және (немесе) қамтитын шарты;
тұрақты емес рейстерді жүзеге асыру кезінде - шетелдік авиакомпанияның өтінімі және (немесе) әуежайдың шетелдік авиакомпаниямен шарты (келісімі).
- 2) әуе кемесіне жанар-жағармай материалдарының құйылғанын растайтын кеден органының белгісі бар шетелдік әуе кемесіне жанармай құюға арналған шығыс ордері немесе талап;
- 3) әуежай өткізген жанар-жағармай материалдары үшін ақы төлеу фактісін растайтын құжат;
- 4) қайтаруға ұсынылған ҚҚС сомаларының анықтығын растау бойынша тақырыптық тексеру жүргізуге қатысатын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамының шетелдік авиакомпания әуе кемесінің рейсті жүзеге асыру фактісін және уәкілетті орган азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша бекіткен нысан бойынша және тәртіппен өткізілген жанар-жағармай материалдарының (авиакомпаниялар бөлінісінде) мөлшерін растайтын қорытындысы;

нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын айналымдарды (мұндай айналымдар болған кезде) растау үшін арнайы экономикалық аймақтарды (бұдан әрі - АЭА) құру мақсаттарына жауап беретін қызметті жүзеге асыру кезінде толық тұтынылатын тауарларды өткізу бойынша салықтық тексеру жүргізу жағдайында:

- 1) АЭА аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйымдармен тауарларды жеткізуге арналған шарт (келісімшарт);
 - 2) еркін кедендік аймақ (бұдан әрі - ЕКА) кедендік рәсімі бойынша тауарлар шығаруды жүзеге асыратын кеден органының белгілері бар тауарлар тізбесі қоса беріле отырып, тауарларға арналған декларацияның және (немесе) көліктік (тасымалдау), коммерциялық және (немесе) өзге де құжаттардың көшірмелері;
 - 3) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген ұйымдарға тауарларды тиіп-жөнелтуді растайтын тауарға ілеспе құжаттардың көшірмелері;
 - 4) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген ұйымдардың тауарларды алғанын растайтын құжаттардың көшірмелері;
- осы тармақта көзделген, электрондық құжат түріндегі тауарларға арналған декларация болған кезде Салық кодекстің 389-баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген тауарларға арналған декларацияның көшірмесін ұсыну талап етілмейді.

нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын айналымдарды (мұндай айналымдар болған кезде) растау үшін шектері ЕАЭО кедендік шекарасының учаскесімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін АЭА құру мақсаттарына жауап беретін қызметті жүзеге асыру кезінде тұтынылатын немесе өткізілетін тауарларды өткізу кезінде салықтық тексеру жүргізу жағдайында:

- 1) шектері ЕАЭО кедендік шекарасының учаскесімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін АЭА аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйымдармен және (немесе) тұлғалармен (бұдан әрі - Субъектілер) тауарларды жеткізуге арналған шарт (келісімшарт);
- 2) ЕКА кедендік рәсімі бойынша тауарлардың шығаруын жүзеге асыратын кеден органының белгілері бар тауарлар тізбесі қоса беріле отырып, тауарларға арналған декларацияның және (немесе) көліктік (тасымалдау),

коммерциялық және (немесе) өзге де құжаттардың көшірмелері;

3) субъектілерге тауарлардың тиеп-жөнелтілгенін растайтын тауарға ілеспе құжаттардың көшірмелері;

4) субъектілермен тауарларды алғанын растайтын құжаттардың көшірмелері;

Салық кодекстің 391-бабына сәйкес қайтаруға жататын ҚҚС сомасын айқындау кезінде АЭА құру мақсаттарына жауап беретін қызметті жүзеге асыру кезінде әкелінген тауарлардың өткізілгенін немесе іс жүзінде тұтынылғанын растайтын, АЭА қатысушы ұсынған деректер негізінде қалыптастырылатын кеден органының мәліметтері есепке алынады;

нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын айналымдарды (мұндай айналымдар болған кезде) растау үшін талаптарына сәйкес импортталатын тауарлар ҚҚС босатылатын, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт, өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын салық төлеушілерге өз өндірісінің тауарларын өткізу бойынша салықтық тексеру жүргізу жағдайында:

1) жеткізілетін тауарлардың жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың, өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың) жұмыс бағдарламасын орындауға арналғаны көрсетіле отырып, талаптарына сәйкес импортталатын тауарлар ҚҚС босатылатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт, өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын салық төлеушілерге тауарларды жеткізуге арналған шарт;

2) салық төлеушілерге тауарлардың тиеп-жөнелтілгенін растайтын тауарға ілеспе құжаттардың көшірмелері;

3) салық төлеушілердің тауарларды алғанын растайтын құжаттардың көшірмелері;

Салық кодекстің 393-бабының 2-тармағында көрсетілген тұрақсыз конденсаттың өткізілгенін растайтын құжаттар болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының аумағынан ЕАЭО мүше басқа мемлекеттердің аумағына әкетілген (әкетілетін) тұрақсыз конденсатты жеткізуге арналған шарт (келісімшарт);

2) құбыржолдар жүйесі арқылы өткізілген тұрақсыз конденсаттың мөлшерін есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алу актісі;

3) Қазақстан Республикасының аумағынан ЕАЭО

мүше басқа мемлекеттердің аумағына құбыржолдар жүйесі арқылы әкетілген тұрақсыз конденсатты қабылдап алу-тапсыру актісі.

Салық кодекстің 393-бабының 3-тармағында көрсетілген тауарлардың өткізілгенін растайтын құжаттар болып табылады:

1) алыс-беріс шикізатын қайта өңдеуге арналған шарттар (келісімшарттар);

2) солардың негізінде қайта өңдеу өнімдерін өткізу жүзеге асырылатын шарттар (келісімшарттар);

3) алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстардың орындалу фактісін растайтын құжаттар;

4) алыс-беріс шикізатының Қазақстан Республикасының аумағынан ЕАЭО мүше басқа мемлекеттің аумағына әкетілгенін растайтын тауарға ілеспе құжаттардың көшірмелері.

Алыс-беріс шикізаты магистральдық құбыржолдар жүйесі арқылы әкетілген жағдайда тауарға ілеспе құжаттар көшірмелерінің орнына осындай алыс-беріс шикізатын қабылдап алу-тапсыру актісі ұсынылады;

5) аумағында алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жүзеге асырылған ЕАЭО мүше мемлекеттің салық төлеушісіне - оларды сатып алушыға қайта өңдеу өнімдерінің тиіп-жөнелтілгенін растайтын құжаттар;

6) салық төлеушінің Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен ашылған, Қазақстан Республикасының аумағындағы екінші деңгейдегі банктердегі банктік шоттарына өткізілген қайта өңдеу өнімдері бойынша валюталық түсімнің түскенін растайтын құжаттар;

7) Салық кодекстің 449-бабының 8-тармағында көзделген, тиісті уәкілетті мемлекеттік органның ЕАЭО мүше мемлекеттің аумағында тауарларды қайта өңдеу шарттары туралы қорытындысы; ҚҚС бақылау шотын пайдаланатын ҚҚС төлеуші салықтық тексеру жүргізу жағдайында: тауарды жеткізуге арналған шарт (лизинг шарты);

тауарды (лизинг нысанасын) алғанын растайтын құжаттардың көшірмелері;

тауардың (лизинг нысанасының) тиіп-жөнелтілгенін растайтын, тауарға ілеспе құжаттардың көшірмелері;

сатып алынған тауар (лизинг нысанасы) үшін өнім берушінің бақылау шотына ҚҚС сомасының аударылу фактісін растайтын құжат. Салық кодекстің 44-тарауында көзделген

құжаттар осы Кодекстің 433-бабының 3-тармағының 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген салық төлеушілер сатып алған (алған) тауарлар бойынша ҚҚС асып кету сомасын қайтару үшін растайтын құжаттар болып табылады.

грант қаражаты есебінен сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша төленген ҚҚС қайтару кезінде:

- 1) Қазақстан Республикасы мен шет мемлекет, шет мемлекеттің үкіметі не Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеге енгізілген халықаралық ұйым арасындағы грант беру туралы шарттың көшірмесін;
 - 2) грант алушы не орындаушы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді берушімен жасасқан шарттың (келісімшарттың) көшірмесін;
 - 3) ҚҚС қайтару туралы салықтық өтінішпен жүгінген кезде оның орындаушы ретінде тағайындалуын растайтын құжаттың көшірмесін;
 - 4) тауарлардың тиіп жөнелтілгенін, жұмыстардың орындалғанын, қызметтердің көрсетілгенін және осы тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің алынғанын растайтын құжаттарды;
 - 5) ҚҚС сомасын жеке жолмен бөліп көрсете отырып, ҚҚС төлеуші болып табылатын өнім беруші жазып берген шот-фактураны;
 - 6) жүкқұжатты, тауар-көлік жүкқұжатын;
 - 7) грант алушының немесе орындаушының материалдық жауапты адамының тауарды алғанын растайтын құжатты;
 - 8) орындалған және грант алушы немесе орындаушы қабылдаған жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің белгіленген тәртіппен ресімделген актілерін;
 - 9) алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер үшін ақы төленгенін, оның ішінде ҚҚС төленгенін растайтын құжаттар;
- Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық және оларға теңестірілген шет мемлекеттердің өкілдіктеріне, шет мемлекеттердің консулдық мекемелеріне және олардың персоналына ҚҚС қайтару кезінде:
- 1) жиынтық ведомосі (тізілім);
 - 2) ҚҚС төленгенін растайтын құжаттар (Кодексте айқындалған тәртіппен жазып берілген шот-фактуралар, төлеу фактісін растайтын құжаттар) көшірмелері.
- Осы тармақта көрсетілген мемлекеттік кірістер органы жүргізетін салықтық тексеру барысында

| | | |
|---|--|--|
| | | <p>көрсетілетін қызметті алушы табыс ететін құжаттарды көрсетілетін қызметті алушылар ҚҚС асып кетуін қайтару туралы талап көрсетілген ҚҚС жөніндегі декларация табыс етілген салық кезеңі үшін, сондай-ақ ҚҚС бойынша салықтық тексерулер жүргізілмеген, бірақ талап ету мерзімінен аспайтын алдыңғы салық кезеңдері үшін қайтаруға ұсынылған ҚҚС сомаларының дұрыстығын растау бойынша табыс етеді. Көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын қабылдау күні мен уақытын көрсете отырып құжаттар топтамасының қабылданғаны туралы белгісі бар талонды алады.</p> <p>Почта арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті беруші почта хабарламасына белгі қояды;</p> <p>порталға;</p> <p>ҚҚС асып кетуін қайтару үшін - салық кезеңі үшін электрондық құжат нысанындағы ҚҚС жөніндегі декларацияда көрсетілген ҚҚС асып кетуін қайтару туралы талап.</p> <p>Портал, СЕӨС АЖ арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсету үшін жолданған сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.</p> <p>Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлға ретінде тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.</p> |
| 9 | Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту негіздемелері | <p>Егер:</p> <p>1) мемлекеттік қызметті алу үшін шағын бизнес субъектілері, шаруа немесе фермер қожалықтары, ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндірушілер - заңды тұлғалар және ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін белгіленген арнаулы салық режимдерінде бюджетпен есеп айырысуды жүзеге асыратын көрсетілетін қызметті алушы жүгінсе;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушыға Салық</p> |

кодекстің 411-бабының ережелерін қолданған салықтық кезеңі үшін:

ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығының) өнімін өндіру, өз өндірісінің көрсетілген өнімін қайта өңдеу жөніндегі қызметті жүзеге асыру нәтижесі болып табылатын тауарларды өткізу жөніндегі айналымдар бойынша - шаруа немесе фермер қожалықтарын қоса алғанда, ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығының) өнімін өндірушілер;

ауыл шаруашылығы өнімін, балық өсіру шаруашылығының өнімін қайта өңдеуді жүзеге асырудың нәтижесі болып табылатын тауарларды өткізу жөніндегі айналымдар бойынша - заңды тұлғалар:

ауыл шаруашылығы кооперативтері мына айналымдар бойынша:

өз өндірісінің, сондай-ақ осындай кооперативтің мүшелері өндірген ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығының) өнімін өткізу;

өз өндірісінің ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығының) өнімін қайта өңдеу нәтижесінде алынған, осындай өнімді отандық өндірушіден сатып алынған және (немесе) осындай кооперативтің мүшелері өндірген өнімді өткізу;

агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен және уәкілетті органмен келісу бойынша айқындаған тізбе бойынша осындай кооператив мүшелеріне осы тармақшада көрсетілген айналымдарды олардың жүзеге асыруы мақсатында жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету Салық кодекстің 411-бабының 1-тармағы 3) тармақшасына сәйкес;

3) салықтық тексеру аяқталған күнге:

өнім берушімен өзара есеп айырысулардың анықтығын растау үшін қарсы тексерулер жүргізуге берілген сұрау салуларға жауаптар алынбаған;

тексерілетін салық төлеушінің өнім берушілері бойынша «Пирамида» талдамалық есебін талдау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған;

ҚҚС сомаларының анықтығы расталмаған;

қарсы тексеру жүргізудің мүмкін болмауына байланысты, оның ішінде:

өнім берушінің орналасқан жері бойынша болмауы;

өнім берушінің есепке алу құжаттамаларының жоғалуы себебінен ҚҚС сомаларының анықтығы

| | | |
|----|---|--|
| | | <p>расталмаған сомалардың шегінде қосылған құн салығын қайтару жүргізілмейді.</p> <p>Бұл ретте осы тармақтың 3) тармақшасының үшінші бөлігінің ережелері мынадай:</p> <p>қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтарудың оңайлатылған тәртібін қолдануға құқығы бар;</p> <p>құны республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің кемінде 150 000 000 еселенген мөлшерін құрайтын, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін республикалық индустрияландыру картасы шеңберінде инвестициялық жобаны іске асыратын Салық кодекстің 152-бабының 12-тармағына сәйкес;</p> <p>Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде қызметін жүзеге асыратын және қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтару туралы талап қойылған салықтық кезеңнің алдындағы соңғы 5 жылға есептелген салықтық жүктеменің орташа коэффициенті кемінде 20 пайыз болатын тексерілетін салық төлеушілердің тікелей өнім берушілері «Пирамида» талдамалық есебінің нәтижелері бойынша анықтаған бұзушылықтарды жойған жағдайда қолданылмайды.</p> <p>Салықтық тексеру актісінде қосылған құн салығын қайтармау негіздері көрсетіледі.</p> |
| 10 | Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар | <p>Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:</p> <p>1) көрсетілетін қызметті берушінің - www.kgd.gov.kz, www.minfin.gov.kz интернет-ресурстарында;</p> <p>2) www.egov.kz порталында орналастырылған.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда портал, СЕӨС арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы «жеке кабинеті», Бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қолжетімділік режимінде алу мүмкіндігі бар.</p> <p>Бірыңғай байланыс орталығының байланыс телефондары: 1414, 8-800-080-7777.</p> |

Қосылған құн салығының асып кетуін қайтару

**Аумақтық мемлекеттік кірістер органдарына жіберілген анықталған
бұзушылықтарды жоюға сұрау салулар тізілімі**

| № | Жеткізушінің атауы | Жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН) | Салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТН) (ол болған жағдайда) | Қосылған құн салығының сомасы (теңге) | Сұрау салудың нөмірі | Сұрау салудың күні | Ескертпе |
|---|--------------------|--|---|---------------------------------------|----------------------|--------------------|----------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |